

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойғал

Қызылорда облысы Шиелі ауданы Ақмая ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 17 маусымдағы № 55 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 29 маусымда № 5545 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі ауданы Ақмая ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 15 тамыздағы № 61 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі ауданы Ақмая ауылдық округі әкімінің 15.08.2016 № 61 шешімімен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37- бабының 3 тармағына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1-бабына және " Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Шиелі аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысының 2016 жылғы 29 сәуірдегі №09-06-135 санды ұсынысына сәйкес Ақмая ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шиелі ауданының Ақмая ауылдық округі Ақмая ауылы "Ақмая" шаруа қожалығының мүйізді ірі қара малдарының арасында бруцеллез ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау "Ақмая ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің жетекші маманы Н. Асқаровқа жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ақмая ауылдық округі
әкімінің міндетін атқарушы*

Х. Қойшыбаев